ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 5 акпан № 3313-26-00-2/36 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Садуакасова М.М.,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Береке» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, айыппұл (тұрақсыздық айыбы) өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 109-бабының 1-бөлігін, 223 және 226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Береке» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Береке» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 27 833 (жиырма жеті мың сегіз жүз отыз үш) теңге мөлшерінде айыппұл (тұрақсыздық айыбы) өндірілсін.

«Береке» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж ретінде 2 800 (екі мың сегіз жүз) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья **Садуакасова М.М.**

Құжатқа қол қойылған: Садуакасова М.М., 05.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 10.03.2026, судья Садуакасова М.М., 13.03.2026

3313-26-3-1/4